





**Тақырыбы: Асан Қайғының
жерұйықты іздеу**

**Орындаған: Мұрат Ұлпан
9 "А" сынып оқушысы**

- 
- Шоқан Уәлихановтың айтуы бойынша, қазақ халқының қамын, болашағын ойлаған "дала философы", осындай ойшыл, ел қамын жеп, қайғы-қасірет кешкен Асан атына кейін "қайғы" сөзі қосылып аңыздалып кеткен. Шежіре-аңыздардың айтуынша Асанның әкесі Сәбит ұзақ жасаған, он сегіз мың ғаламның, құстың, жан-жануардың тілін білетін, өзі көріпкел әулие, атақты саятшы болса керек. Ол баласы Асанды ес білгеннен осындай қасиеттерге баулып өсіреді. Сондай өнегелі, ұлағатты тәрбие көрген Асан жас кезінен-ақ туған халқынын қамын, оның келешекте ірі де, іргелі ел болу жағын ойластыра бастайды. Сондықтан да ол жас болса да хан, сұлтан, би, бектермен бірге жүріп, оларға ақыл қосысады, ой-пікір жарыстырып, тайталасып ержетеді. Бозбала кезінен-ақ ол ақындық-жыраулық, шешендік, тапқырлық өнерді жете меңгереді. Ел дауын, жер дауын, әдет-ғұрып мәселесін шешерде оның ақылдылығы, алғырлығы, кесімді, шешімді билік сөздері өзге би, шешендерден үстем боп шыға береді.



Асан қайғы Желмаяға мініп, жиһан кезіп,
«Жерұйық» дейтін ну орманды, көгорай шалғынды, сулы
жер, қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын қоныс іздейді. «Елді
сол жерге қоныстандырсам!» - деп, арман етеді. Түркістанның
қасындағы Сауранды көргенде: «Әттеген-ай, қорғанды
тақырдың бетіне, Шөлістанның өтіне салған екен. Сарқырап
аққан суы жоқ, жайқалып тұрған нуы жоқ - түбі тұрақты қала
бола алмас», - деген екен. Асан қайғы Маңғыстауға үш барып,
үш қайтыпты. «Түбінде мал баққан шаруаға Маңғыстаудан
жақсы жер болмас», - депті. Баянауыл тауын көргенде:
«Баянға жаймай, қой семіrmес», - деп, Асан қазіргі
Баянауылды өзіне жайлау етіпті.

- 
- Қаратал өзенінің өлкесін көргенде: «Ей, сарқырап аққан Қаратал, артың кең, алдың тар-ау!» - депті. Өйткені бұл өзен құмға сіңіп жатады екен.
 - Аспараны көргенде: «Ей, Аспара, көршіңмен тату бол, шөбіңе суың жетер!» - деп жүріп кетіпті. Шу өлкесін көргенде: «Ей, Шу, атыңды теріс қойыпты! Тегінде бір шулағаның болмаса, ну қамысың еліңді жұтқа бермес», - депті. Шудың аяғында Сарысу елі шөп жимай, Шудың қамысын қыстап, жаз Арқаны жайлайды екен. Әулие-Атаның (қазіргі Тараз қаласы) шығысынан аққан Талас, батысынан аққан - Келес дейтін өзендерді көргенде, малға жайлы екенін біліп: «Ей, екі Талас, бір Келес, малсыз күнің кенелмес. Жері де жайылған малға жұт болмас!» - деген екен.

- Ақмешіт (қазіргі Қызылорда) тұсындағы Сыр өлкесін көргенде: «Ей, Ақмешіт, жерің шаң екен, суың жар екен, әр бұтаның түбінде кесек етің бар екен! Елің жұтамас, малыңның көзіне сақ бол!» - депті. Қарсақбай аймағын көргенде: «Айналаң жапан тұз екен, тауыңның асты жез екен, екі тауың ел біткенді шақырар, басыңа байлық қонар, жұртың ашықпас!» - деп жүріп кетіпті. Нарын - Самар аймағын көргенде: «Е, Нарын, тайың айғырдай, тайлағың бурадай екен! Қысың ұзақ: шаруаңа сақ бол!» - депті. Шыңғырлау өзенін көргенде, түсе қалып, Желмаясын оттатып: «Жылқының өзі өскен жоқ, Шыңғырлау, сен өсірген екенсің!» - деп, қонып кетіпті. Бірақ Асан ол кезде шұрайлы, қоныс, нулы өлке таба алмапты. Ол Ұлытау жаққа келіп дүние салған екен.






Жетісу



**Аспар
а**



**Баянауы
л**




Жуалы


*Асан қайғы барып
қайтқан өңірлер*



Ұлытау



**Шыңғырла
у**



Жезқазған

Қорытынды:

- Асан қайғының “Жерұйықты” іздеуі жөнінде аңыз қазақ халқының таң ғажайып жарқын, бақытты болашақты аңсаған армандарының туындысы еді. Асан қайғы арман еткен “жерұйық” бейне ағылшын ойшылы Томас Мордың “Утопия” аралы, италиялық Томазо Кампанеланың “Күн қаласы” сияқты утопиялық ойдың жемісі екені даусыз. Әрине, бұл 15-ғасырдағы көшпелі қазақ халқының қоғамдық болмысынан туылған утопиялық идея.
- Асан қайғының бақыт мекені “жерұйық” жайлы утопиялық шығармасының ауыздан - ауызға көше келе, өзгерістерге түсіп, аңызға айналып кеткен.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. www.google.kz
2. Мұхтар Әуезов энциклопедиясы - Алматы, «Атамұра» баспасы, 2011.
3. Бұқар жырау Қалқаманұлы. Шығармалары. - Алматы. - 1992.



Назараларыңызға рахмет!!